

**Жылыой ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 126 "Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 қыркүйектегі № 318 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 қыркүйекте № 2620 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 123 қаулысымен

**Күші жойылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2013.03.07 № 123 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына және аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 31-3 "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жылыой ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 126 "Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4-2-173 болып тіркелді және 2012 жылғы 17 мамырда "Кең Жылой" газетінің № 20 санында жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін.

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі тармақшалармен толықтырылсын:

5) бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І.Б. Елтезеровке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы* *И. Елтезеров*